

Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округінің Софиевка ауыл аумағындағы шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қыркүйекте № 4361 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 9 тамыздағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округі әкімінің 09.08.2017 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Целиноград ауданы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2014 жылғы 18 тамыз № 01-16-665 ұсынысы негізінде, Софиевка ауылдық округінің әкімінің м.а

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округінің Софиевка ауыл аумағында ұсақ қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Софиевка ауылдық
округінің әкімінің м.а.

Яковлева Е.Л